

**1.Сабақтың тақырыбы:** Мектептегі педагогикалық кеңес, әдістемелік жұмыс

**2.Ресурс көздері:** Педагогикалық кеңестің қызметі туралы ереже -  
Untitled[http://egec.kz > wp-content > uploads > 2018/11 > ПЕД...PDF](http://egec.kz/wp-content/uploads/2018/11/ПЕД...PDF); Әдістемелік бірлестік туралы ереже//<https://bilimdiler.kz/ustaz/29177-adistemelik-birlestik-turaly-erezhe.html>

**3. Видеосабак:** Молдабаева К Мектептегі педагогикалық кеңес  
[https://www.youtube.com/watch?v=jw3YPF3J\\_0Y](https://www.youtube.com/watch?v=jw3YPF3J_0Y) Шалапова Г. 1 лек  
Адистемелик жумыс <https://www.youtube.com/watch?v=zu8MVzloqal>

**4.Студент іс-әрекеті:**

4.1. Ресурстан педагогикалық кеңес ережесі мен әдістемелік бірлестік туралы ережені жүктеп алыңыз.

4.2. Дәрісті бақылау сұрақтары бойынша конспектілеңіз.

4.3. Видеосабактан педагогикалық кеңестің жоспары, хаттамасы үлгілерімен танысып, түсінгеніңізді қысқаша жазып алыңыз. Шалапованың видеосабағынан әдістемелік жұмыстың кең тараған түрлерінің анықтамаларын дәптерлеріңе түсіріп алыңдар.

4.4. Өзіңіздің біліктілігіңізді көтеру бойынша жасаған жұмыстарыңыз туралы шағын есеп жазыңыз.

# **Тақырыптың жоспары:**

**1.«Педагогикалық кеңес» түсінігі.**

**1.1.Педагогикалық кеңес құрамы.**

---

**1.2.Педкеңестің дәстүрлі жылдық циклі.**

**1.3.Дәстүрлі , дәстүрлі емес педагогикалық кеңес түрлері.**

**2. Әдістемелік жұмыс туралы түсінік, оның басты мақсаты.**

**2.1.Пән бірлестіктері , әдістемелік кеңес.**

**2.2. Мектептегі әдістемелік(пән) бірлестіктерінің жүйесі.**

**2.3.Әдістемелік жұмыс түрлері.**

*Бақылау сұрақтары.*

*Тапсырмалар.*

---

# 1. Педагогикалық кеңестің жұмысы педагогикалық кеңес туралы Ережемен (жергілікті акт) анықталады.

---

Педагогикалық кеңес-педагогикалық қызметкерлердің тұрақты жұмыс істейтін алқалы өзін-өзі басқару органы. Ол мектептің *оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселелерін* қарау және шешу үшін өткізіледі. Оның қызметі "Жалпы білім беретін мектептің педагогикалық кеңесі туралы Ережемен" анықталады. Педагогикалық кеңес үш мұғалімнен артық жұмыс жасайтын барлық білім беру мекемелерінде құрылады

---

# 1.1. Педагогикалық кеңес құрамы

---

Педкеңестің тұрақты құрамына мектеп директоры (төраға), оның орынбасарлары, барлық мұғалімдер, тәрбиешілер, сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырушылар, әлеуметтік педагогтар, кітапханашы, дәрігер, жалпы мектептік ата-аналар комитетінің төрағасы кіреді. Педагогикалық кеңестің кеңейтілген құрамына талқыланатын мәселелерге байланысты ынтымақтасатын ұйымдар мен мекемелердің өкілдері, ЖОО оқытушылары, жалпымектептік және сыныптық ата-аналар комитеттерінің мүшелері, балалар қоғамдық ұйымдарының өкілдері, ата-аналар, оқушылар шақырылуы мүмкін. Мектептің педагогикалық кеңесінің төрағасы мектеп директоры болып табылады (жекелеген отырыстарда ауысымды төраға сайлануы мүмкін).

---

## 1.2. Педкеңестің дәстүрлі жылдық циклі

---

1. **Біріншісі** - аналитикалық жоспарлау педкеңесі; оқу жылы басталғанға дейін, тамыз айының соңында өткізіледі, және өткен жылдың қорытындыларын талдауға арналған, жоспар қабылдау және алдағы проблемаларды шешуге бағдарлану;
  2. **Екінші, үшінші және төртінші педкеңестер** – тақырыптық аралық қорытындылармен;
  3. **Бесінші** - қорытынды-ұйымдастырушылық. Онда жыл қорытындысы шығарылады, емтиханға жіберу, келесі сыныпқа ауыстыру және т. б. мәселелер қаралады.
-

### 1.3. Дәстүрлі , дәстүрлі емес педагогикалық кеңес түрлері

*Дәстүрлі* педагогикалық кеңесте күн тәртібінде қаралатын мәселеге байланысты білім беру ұйымы басшысының, оның орынбасарларының, оқытушылардың, шақырылған мамандардың баяндамалары тыңдалады, талқыланады. және қаулы қабылданады, Оның шешімінің орындалған, орындалмағаны келесі педагогикалық кеңесте айтылады.

*Дәстүрлі емес педагогикалық кеңестер*

**Педагогикалық кеңес-пікірталас** ұжымның әрбір мүшесі (немесе көпшілігі) қандай да бір мәселе бойынша өз пікірін білдіруін, әріптестерінің пікірімен танысуын талап етеді.

**Педагогикалық кеңес-консилиум** педагогтардың белгілі бір сынып оқушыларымен жұмыс істеу әрекетін үйлестіру, анықталған қиындықтардың себептерін анықтау және оларды шешу тәсілдерін іздеу үшін өткізіледі.

**Педагогикалық кеңес-байқау** педагогикалық ұжымдағы шеберлік байқауларының қорытындысын шығару, үздіктерді анықтау мақсатын қояды.

**Педагогикалық кеңес-конференция** мектеп педагогтарының белсенді қатысуымен тақырыпты терең және жан-жақты ашуды көздейді.

**Педагогикалық кеңес -шығармашылық есеп.** Педагогикалық кеңесте-жеке мүшесінің немесе кафедраның (әдістемелік бірлестіктің) шығармашылық есебінде озық педагогикалық тәжірибе жинақталып, оқыту мен тәрбиелеуді жетілдірудің ең тиімді жолдары іріктеледі.

**Педагогикалық кеңес-аукцион** белгілі бір мәселе бойынша ұсынылған көптеген идеяларды (әдістемелерді, әдістемелік тәсілдерді) қарастырады. Мүшесілер назар аударарлық, нақты, өміршеңдер ғана "сатып алынады". Педагогикалық кеңес-аукцион "жобаны қорғау" түрінде де өткізілуі мүмкін.

**Педагогикалық кеңес-фестиваль** жетістіктердің кең қоғамдық байқауы, мереке ретінде өтеді. Көркем безендірілген әр түрлі оқытудың түрлері, әдістері, тәсілдері, құралдары көрсетіледі.

**2.Әдістемелік жұмыс туралы түсінік, оның басты мақсаты.** Мұғалім жұмысының табыстылығы өз біліктілігін көтеруге байланысты. Мектептегі әдістемелік жұмыс - біліктілікті көтеретін өте маңызды тәсіл. Әдістемелік қызметің басты жұмысы оқыту процесін дамыту үшін оқу тәрбие жұмысын түзету.

*Мектептегі әдістемелік қызметтің мақсаты:* мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

## 2.1. Пән бірлестіктері , әдістемелік кеңес


Мектеп және мектепаралық әдістемелік бірлестіктерге пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектепке дейінгі мекеме, мектеп-интернат тәрбиешілері кіреді. Мектепте бір пән бойынша 3 мұғалім болғанда әдістемелік бірлестік құрылады. Ал мұғалім саны аз болса пәнаралық, мектепаралық бірлестіктер құрылады. Аудандық әдістемелік бірлестіктер аудан мұғалімдері үшін жылына 2-3 рет мәжілістерін өткізеді.

Аз құрамды мектептерде де әдістемелік бірлестіктер құрылады.

Шет тілі мұғалімдері бірлестігінің жұмысына облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты басшылық етеді. Әдістемелік бірлестік тікелей директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарына бағынады. Бірақ көп жұмыстарға директор басшылық етеді. Әдістемелік бірлестік мүшелері директорға есеп береді. Әдістемелік бірлестікті жетекшісі басқарады. Бірлестік жұмысы оның жетекшісі жасап, директор бекіткен жылдық жоспар бойынша жүреді. Әдістемелік бірлестік мәжілісі айына 1 не 2 рет өтеді.

Мектептің әдістемелік кеңесіне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижеге жеткен тәжірибелі мұғалімдер, шебер мұғалімдер, пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері енеді. Ол әдістемелік бірлестіктердің жұмысын бағыттап әрбір мұғалімнің теориялық және әдістемелік білімін жетілдіруін бағыттап отырады.





## 2.3.Әдістемелік жұмыс түрлері

**Жеке:** өздігінен білім алу; оқулықтар жазу; әдістемелік ұсынбалар жазу; тәлімгерлік; сайыстарға қатысу; өз тәжірибесінен баяндама оқу; жеке ақыл – кеңестер.

**Топтық:** жаттықтырушылар кеңесінің отырысы, шығармашылық топ отырысы, семинарлар, дискуссиялар, «дөңгелек жоза, іскерлік ойындар, топтық консультациялар, шеберлік –класс, ұжымдық ұсынбалар, ашық сабақ.

**Ұжымдық:** ғылыми-практикалық конференциялар; педагогикалық кеңес; әдістемелік кеңес; әдістемелік және теориялық семинарлар, білім жетілдіру; педагогикалық идеялар фестивалы; сайыстар; көрмелер; әдістемелік апталық; білім жетілдіру институттары жанындағы қысқа мерзімді курстар

## **Бақылау сұрақтары:**

1. Педагогикалық кеңес қандай орган? Ол не үшін өткізіледі?
2. Оның қызметі қандай құжатпен анықталады?
3. Мектепте неше мұғалім болғанда педагогикалық кеңес міндетті түрде өту керек?
4. Педагогикалық кеңес қызметінің түрлері қандай?
5. Педкеңестің тұрақты құрамына кімдер кіреді?
6. Мектептің педагогикалық кеңесінің төрағасы болып қай лауазымды тұлға белгіленген?
7. Педагогикалық кеңесті өткізудің қандай формалары бар?
8. Әдістемелік жұмыс дегеніміз не? Оның мақсаты қандай? Мектепте неше мұғалім болғанда пән бірлестіктері құрылады?
9. Әдістемелік бірлестік тікелей қай лауазымды тұлғаға бағынады?
10. Әдістемелік бірлестікті кім басқарады?
11. Әдістемелік жұмыстың түрлерін атаңыз.

## **Тапсырмалар:**

**1. Педагогикалық машықтың сенің өз пәнің бойынша әдістемелік деңгейінді жетілдіруге қандай пайдасы болды? Өзіңнің әдіскеріңнен қандай оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендің? Сен машықтан өткен мектепте қандай семинарлар, конференциялар, сайыстар өтті? Оның саған қандай пайдасы болды? Әлі де өз пәніңнің әдістемесі бойынша қандай білімдер, әдістер жетіспейтінін байқадың? Өз біліктілігіңді жетілдіру үшін қандай жұмыстарды жоспарлап отырсың?**